

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Корнеевка ауылдық округі Корнеевка ауылының құрамдас бөліктерін қайта атау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Корнеевка ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 28 қарашадағы № 34 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 5 желтоқсанда № 30946 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, сәйкес Корнеевка ауылы халқының пікірін ескере отырып және Солтүстік Қазақстан облыстық ономастикалық комиссияның 2021 жылғы 16 сәуірдегі, 2022 жылғы 1 наурыздағы қорытындысының негізінде ШЕШТІМ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Корнеевка ауылдық округі Корнеевка ауылының құрамдас бөліктерін қайта аталсын:

- Ленин көшесін - Абай көшесіне;
- Пролетарская көшесін - Пушкин көшесіне;
- Фурманов көшесін - Жеңіс көшесіне;
- Калинин көшесін - Шоқан Уәлиханов көшесіне;
- Комсомольская көшесін - Әлия Молдағұлова көшесіне;
- Крупская көшесін - А.М. Ершов көшесіне;
- Коммунистическая көшесін - Мағжан Жұмабаев көшесіне;
- Советская көшесін - Жәлел Қизатов көшесіне;
- Первомайская тұйық көшесін - Достық тұйық көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Корнеевка ауылдық округінің әкімі

Г. Зимарұв